

Сағындықова Анар
ЛТ-16-02

Тақырыбы: Л.Беда, Т.Бигельдинов, С.
Луганский

Пәні: Қазақстан тарихы

Беда Леонид Игнатьевич

1920-1976

- 1920 жылы тамыздың 16-ында Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Новопокровка ауылында өмірге келіп, 1976 жылы желтоқсанның 26-сы күні Беларусь Республикасының Минск қаласында дүниеден озған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, авиация генерал-лейтенанты (1972), ұшқыш-шабуылдаушы. КСРО-ға еңбек сіңірген әскери ұшқыш. Ұлты - орыс.

Орал педагогика институтын
(1940) бітірген. 1940 жылы Кеңес
әскері қатарына шақырылды.

Чкалов әскери авиациялық
ұшқыштар мектебін бітірген соң
1942 жылдың тамыз айында
майданға жіберілді.

Ол Сталинград, Донбасс, Таганро
г, Кенигсберг қалаларын азат ету
шайқастарына қатысты.

75-гвардиялық авиациялық шабуылдаушы полктің (4-Украина майданы, 8-эуе армиясы, 1-гвардиялық шабуылдаушы авиациялық дивизия) эскадрилья командирі. 1944 жылдың сәуіріне дейін 109 рет әскери тапсырмамен жау әскері шоғырланған жерлер мен бекіністерін шабуылдады. Осы ерліктері үшін КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (26.10.1944). Сол полктің (3-Беларусь майданы, 1-эуе армиясы, 1-гвардиялық шабуылдаушы авиациялық дивизия) командирінің орынбасары бола жүріп, 105 әскери тапсырманы орындады. Осы ерліктері үшін КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Бедаға екінші рет Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (29.6.1945). Ленин, 4 рет Қызыл Ту, Александр Невский, 1-дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Бедаға Қостанай қаласында қоладан бюст орнатылған. Минск қаласында бір даңғылға, Гродо облысы Лида қаласындағы көшеге, Харьковтағы мектепке Беда есімі берілген. Ол 1976 жылы жол апатынан қаза тапты.

Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов

1922-2014

- (5 тамыз 1922, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Майбалық ауылы - 9 қараша, 2014, Алматы) — Авиация генерал-майоры, Кенес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері. Соғыс кезінде ол ұшқан, «Ил-2» ұшағы оны көп рет ажал құшағынан құтқарды. Талғат Бигельдинов шаруа отбасынан шыққан, ол 1922 жылды 5-тамызда, Ақмола облысының Майбалық ауылында дүниеге келген, ал басқа мәліметтер бойынша батыр Пішпек жерінің (қазіргі Бішкек, Қырғызстан) тумасы дейді. Бірақ та Талғат Бигельдинов Басығара батырдың (Кенесары ханның қолбасшыларының бірі) ұрпағы болды, бұл ақиқат шындық. Басығара батыр 1837 жылы Ақмола бекінісіне шабуыл жасағанда, өз ерлігін көрсетіп, қаза тапқан еді.

Талғат Бигелдинов Ұлы Отан соғысының майданына 1943 жылдың қаңтар айынан соғыса бастайды. Ол әуеде 11 сағат ұшып, «Ил-2» штурмовигіне отырып, күнде әскери мақсатпен 4–6 рет ұшып шығады. Кеңес Одағының екі мәрте Батыр атағын иеленген Талғат Жақыпбекұлы берген сұхбаттарының бірінде өзінің әскери машинасы туралы былай деп әңгімелейді: «Мінсіз ұшақ деген болмайды. Бірақ та сен ұшатын ұшақты жақсы көруің керек

Талғат Бигелдинов әскери тапсырмамен өзінің 305 ұшуын жасады. 305 рет өліммен бетпе-бет кездесті. Кеңес Одағының Батыры деген атақты екі рет алған Анатолий Ефремов өзінің 244 ұшуын жасады, ал Талғат Жақыпбекұлы одан 61 ұшуға артық жасады. Осыдан басқа, Талғат Бигелдинов 7 жау ұшағын атып түсірген, соның ішінде «мессер» ұшығы. «Мессердің» штурвалында болып отырған адам — әуе шайқастың шебері, Испания, Франция мен басқа елдегі көрсеткен ерлігі үшін өз марапаттарын алған капитан фон Дитрих. Штурмовик-ұшқыштар жау ұшақтарымен тікелей соғыспаса да (осыны истребитель-ұшқыштар істейді), олардың жалғыз міндеті — жердегі жау әскерін бомбалау. 9-ші ұшудан кейін Талғат жетекші ұшқыш болып атанды, шайқас жылдарында оның басқаруымен көптеген жау ұшқыштары қаза тапты. Бұл да оның жеке жетістіктерінің бірі болады.

1944 жылдың 26 қазанында 22 жасар лейтенант Бигелдинов Знаменка, Кировоград қалаларын босату кезіндегі көрсетілген ерлігі мен әскери шеберлігі үшін әрі 4 атып түсірілген жау ұшағы үшін оған Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілді

1945 жылдың 27 маусымыда Талғат Бигелдинов екінші рет Кеңес Одағының Батыры болып атанды. Бұл жолы ол эскадрильяны шебер басқару мен Краков, Оппельн (қазіргі кездегі Ополе), Катовице, Бреслау (қазіргі кездегі Вроцлав), Берлин қалалары үшін шайқастардағы көрсетілген әскери ерлігі үшін өз атағын алды. 1945 жылдың маусымында Мәскеудегі Қызыл алаңда өткен Жеңіс Шеруіне қатысқан.

Талғат Бигелдинов ең ауыр шайқастарға қатысып, Мәскеу, Киев және Еуропа елдерін қорғап, Берлиндегі шайқасқа қатысқан. Ол Кеңес Одағының Батыры атағын алған Орта Азия мен Қазақстанда жалғыз адам болып саналады.

Бейбіт өмір басталғанда, Талғат Жақыпбекұлы КСРО Әскери Әуе күштерінде өз қызметін жалғасытра берді. 1970 жылға дейін азаматтық авиацияда жұмыс істеді. Ол Мәскеу құрылыс-инженерлік институтын бітіріп, Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс комитетінің жүйесінде басшылық лауызымдарда қызмет етті. КСРО 2-3-ші, 12-ші шақырылымдарының Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып табылды. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен жетім балаларға көмек беретін қайырымдылық қордың президенті болып жұмыс істеді. 40 жылдан астам уақытта аты аңызға айналған ұшқыш өз омартасымен айналасып жүрген. Осы істі «ермек» пен «бейбіт эскадрилья» деп атап, оған бар бос уақытын арнады. Соңғы жылдарда Талғат Биегелдинов қатты сырқаттанып жүрді. 2014 жылдың 10 қарашасында белгілі ұшқыш осы дүниеден озды.

Луганский Сергей Данилович (1918-1977)

Қазақстандық ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры

Луганский Сергей Данилович 1918 жылы 1-қазанда Алматы қаласында шаруа отбасында дүниеге келген.

1938 ж. Орынбордағы ұшқыштар мектебін, 1949 ж.

Мәскеудегі әскери-әуе академиясын бітірген. 1939- 1940 жж. кеңес-фин соғысына қатысты.

Екінші дүниежүзілік соғысы кезінде Луганский 390 рет ұшу сапарына шығып, жаудың 37 ұшағын атып түсірді. 2 рет әуе таранын жасады. Соғыстан кейінгі жылдары КСРО

ҚК-нің әскери әуе күштері саласында әр түрлі жоғары басшылық қызметтерде болды.

1941 жылы қазан айында майданға аттанған С.Д. Луганский 1942 жылдың мамыр айынан 271-ші авиациялық атқыштар полкінде, сол жылдың маусым айынан 1945 жылдың наурыз айына дейін 270-ші авиациялық атқыштар полкінің қатарында болды.

1943 жылдың тамыз айында 270-ші авиациялық атқыштар полкының эскадрилья командирі капитан С.Д.Луганский 221 рет ұшып, жеке өзі 18 жау ұшағын және ұшқыштар тобымен бірігіп 1 ұшақты жер жастандырды.

1943 жылдың 2-қыркүйегінде жаумен шайқаста көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1944 жылдың 1 шілдесінде Украина бірінші майданының бас қолбасшысы И.С.Коневтің жеке нұсқауымен «Алтын жұлдыз» медалін иеленді. Бұл уақытта ол 355 әскери ұшуды жүзеге асырып, жаудың 33 ұшағын атып құлатқан болатын.

С.Д.Луганский 1963 жылға дейін «МиГ-15»-тен бастап «МиГ-19»-ға дейінгі түрлі реактивті ұшақтарда ұшты.

Соғыстан кейін әуе қорғанысы күштерінде қызмет етті. 1949 жылы әскери әуе академиясын тәмамдады. 1964 жылдан запастағы авиация генерал-майоры. Ол сондай-ақ "На глубоких виражах", "Небо остается чистым" сынды шығармалардың авторы. Майдангер 1977 жылы 16 қаңтарда көз жұмды. Алматы қаласында жерленген.

Соғыс жылдарында көрсеткен ерліктері үшін 2 рет Ленин, Александр Невский, 2 мәрте Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз (2 рет) ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.